ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОСАКАРОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ОСАКАРОВСКОГО РАЙОНА» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31.08.2026
Осакаровка қ.

№ 233
пос.Осакаровка

«Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және оқу сабақтары аяқталғаннан кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұйымдастыру, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осакаровка кентіндегі "Жамбыл атындағы жалпы білім беретін мектеп", "№7 жалпы білім беретін мектеп", "№13 жалпы білім беретін мектеп", "№15 жалпы білім беретін мектеп", "№18 жалпы білім беретін мектеп", "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп", "№22 жалпы білім беретін мектеп", "Қаныш Сәтбаев атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)", "№24 жалпы білім беретін мектеп", "Абай атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)", "№25 жалпы білім беретін мектеп" КММ-нің директорларына және директордың міндет атқарушысына:

1) Осакаровка кентіндегі "Жамбыл атындағы жалпы білім беретін мектеп", "№7 жалпы білім беретін мектеп", "№13 жалпы білім беретін мектеп", "№15 жалпы білім беретін мектеп", "№18 жалпы білім беретін мектеп", "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп", "№22 жалпы білім беретін мектеп", "Қаныш Сәтбаев атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)", "№24 жалпы білім беретін мектеп", "Абай атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)", "№25 жалпы білім беретін мектеп" КММ-нің келіп оқитын 1-11 сынып білім алушыларын жалпы білім беру ұйымдарына және оқу сабақтары аяқталғаннан кейін үйлеріне тегін тасымалдау ұйымдастырылсын.

2) Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының техникалық жарамдылығы, уақтылы техникалық байқаудан өтуі, қажетті құжаттарының болуы және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілсін.

Сканировано с CamScanner

3) Балаларды тасымалдау кезінде белгіленген маршрут пен қозғалыс кестесінің сақталуы, оқушыларды қауіпсіз отырғызу және түсіру, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарының орындалуы қамтамасыз етілсін.

4) Мектеп автобустарының жүргізушілерімен балаларды тасымалдау қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар бойынша нұсқамалар жүргізілсін. Жүргізушілердің тиісті құжаттары мен медициналық тексеруден өтуі қамтамасыз етілсін.

5) "Жамбыл атындағы жалпы білім беретін мектеп", "№7 жалпы білім беретін мектеп", "№13 жалпы білім беретін мектеп", "№15 жалпы білім беретін мектеп", "№18 жалпы білім беретін мектеп", "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп", "№22 жалпы білім беретін мектеп", "Қаныш Сәтбаев атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)", "№24 жалпы білім беретін мектеп", "Абай атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)", "№25 жалпы білім беретін мектеп" КММ директорлары Шайхапас У., Карпец Т,В., Игенов А.Е., Степанова О.Н., Тауекелова А.Д., Ельшина А.К., Толкова С.Ш., Мусипова М.Б., Ахметова Ш.М., директордың міндет атқарушысы Самат Х. балаларды тасымалдау кезінде олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тасымалдауды ұйымдастыру тәртібінің сақталуына жауапты болсын.

6) Мектеп директорларына және директордың міндет атқарушысына тасымалданатын білім алушылардың тізімдерін, маршруттар мен қозғалыс кестелерін өзектендіріп отыру, қауіпсіздікке жауапты тұлғаларды белгілеу және анықталған кемшіліктерді уақтылы жою тапсырылсын.

7. Осы бұйрықтын орындалуын бақылау білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің менгерушісі М. Турарбековаға жүктелсін.

Басшы **Д.Бекова**

Сканировано с CamScanner